



Әль-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

Логикалық ойлауды дамытатын ойындарға сипаттама. Зейін процесін анықтауға арналған әдістемелерді жүргізіп, талдау

Орындаған: Спабек А

Қабылдаған: Болтаева А

Жоспары:

I.Кіріспе

Логика

II.Негізгі бөлім

А) Логиканың мақсаты

Б) Логикалық жаттығулар

в) Зейін қасиеттерін дамытатын әдістер

III.Қорытынды

Логика


- **Логика** (гр. *λογική* - «талдауға құрылған», *λόγος* — «сөз», «сөйлем», «ойлау», «ақыл») — ойлау, оның формалары мен заңдылықтары туралы ғылым. Логика дәлелдеу мен теріске шығарудың белгілі бір әдіс-тәсілдері қаралатын ғылым теориялар жиынтығын құрайды.
- Ғылым ретіндегі логикадан логикалық дұрыс ойдың байланысы мен динамикасын (*ойлау логикасы*) айыра білу қажет. Ғылыми логика саласына белгілік құрылымдарды жасау мен зерттеу (*есептеу, формальдік жүйелер*), жалпы қасиеттері логикалық оймен көрінетін және белгілік құрылымда белгіленетін шындықтың белгілі бір үзінділерін қарастыру (*модельдер*) енеді.

Логиканың мақсаты

- Логика ұғымы объективті дүниенің, шындықтың даму заңдылықтарын бейнелеу мағынасында да қолданылады. Кең мағынада логика ойлаудың ғана емес, болмыстың да байланыстарын көрсетеді, бұл жағынан ол онтологиямен сабақтас. Ойлау мен таным қатар жүретіндіктен логика таным теориясымен (гносеологиямен) байланысады. логика философияның негізгі бөлігі болып табылады, өйткені философия “оймен басталып, оймен жалғасады, сондықтан оны кейде “ойлау туралы ойлау” деп анықтайды.

- Логикада негізінен ұғым, пікір, пікір қорыту туралы айтылады, Ойлауды тексеретін психология сияқты басқа да пәндер бар. Психология мен логиканың айырмасы сол: психология дұрыс және бұрыс мінез-құлық заңдарын тексерсе, логика тек дұрыс ойлауды ғана зерттейді. Психология баланың, үлкеннің, данышпанның, есуастың — бәрінің мінез-құлқын зерттей береді.

- **Логикалық ойлаудың ерекшелігі – қорытындылардың қисындылығы олардың шындыққа сай келуінде. Логикалық ойлауға түскен құбылыс түсіндіріледі, себептері мен салдары қатесіз анықталады. Ұғымдар арасындағы байланыстар мен қатынастар логикалық ойлау жолымен ашылады. Бұл байланыстар мен қатынастардың дұрыстығын теріске шығаруға болмайтыны пікірлерде көрсетіледі.**

- 
- Логикалық тапсырмалар арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үш негізгі бағытта іске асырылады:
 - Қызығушылығын арттыру;
 - Ойлау және қабылдау қабілетін дамыту;
 - Шығармашылық ізденісін дамыту.

Логикалық жаттығулар

1. Айжан мен Маржанның әкелерінің аттарын ата. Айжан мен Маржан – Асқар мен Мұраттың қыздары. Айжан Асқардың қызынан үш жас кіші болса, бұлардың әрқайсысының әкелерінің аты кім?

(Айжан-Мұраттың, Маржан-Асқардың қызы.)

2. Үш ағайынды.

Арман, Аян, Абзал ағайынды үшеуі әртүрлі класта оқиды. Абзал арманнан, ал Аян Абзалдан кіші емес. Бұл үйдің үлкені ортаншысы, кішісі кім?

(Ең үлкені Аян, ең кішісі Арман, ортаншысы Абзал.)

3. Қай ауылдың балалары?

Әділет, Еркін, Ерлік үшеуі лагерьде кездесті. Бұлардың біреуі – Қосқұдықтан, екіншісі –

Үштөбеден, үшіншісі – Көктөбеден.

Әділет пен Қосқұдықтан келген Еркін екеуі бір бөлмеге орналасты, Бұлардың екеуі де

Үштөбеде болып көрмегенділігі белгілі болса, қай бала қай ауылдан келген?

(Еркін- Қосқұдықтан, Әділет- Көктөбеден, Ерлік -үштөбеден.)

ҚЫЗЫҚТЫ ӘЗІЛ-ЕСЕПТЕР

- 1. Түнгі сағат 10-да жауын жауып тұрса, 24 сағаттан кейін күннің жарқырап тұруы мүмкін бе?
- 2. Дорбадағы 10 асықты 10 бала бір-бірлеп алды. Сонда бір асық дорбада қалды. Бұл қалай?
- 3. 7 таяқша арқылы 3 үшбұрышты және 2 шаршыны қалай құрастыруға болады?

Логикалық есептер

- 1. Біртұтас алманы тең екі бөлікке бөлгенде бірінші жарты неге ұқсайды.
- 2. Үш пар ат 8 шақырымға шапса, бір ат неше шақырымға шабады.
- 3. «Су тартылған жерде қай құс жүреді?». Торғай – 3, оляпка – 4, сауысқан –
- 5 -6 +7 -6 +5 -4

Зейін

- Зейін деп — адам санасының белгілі бір затқа бағыттала тұрақталуын көрсететін құбылысты айтады. Дәлірек айтқанда, зейін дегеніміз айналадағы объектілердің ішінен керектісін бөліп алып, соған психикалық әрекетімізді тұрақтата алу.

Зейін қасиеттерін дамытатын әдістер

- «Шыбын» жаттығуы.
- «Шыбын» жаттығуы топ бойынша орындалады. 3×3 мөлшерлі у торды ойша сызу керек. Шыбын ортаңғы торда орналасқан, Ойынға қатысушылар кезек — кезек шыбынға «Жоғары!» «Төмен!» «Онға!» Солға!» деп бұйрық беріп, көрші торға қозғалтады, Ойынға қатысушылар «шыбынның ойын алаңнан шығып кетпеуін бақылап отыруы керек, Егер біреу «шыбынның» ойын алаңынан шығып кеткенін білсе, «Тоқта» деп бұйрық беріп шыбынды ортаңғы торға әкеліп, ойынды қайтадан бастайды. Ойын алаңына басқа конфигурация беріп, ойынды күрделендірсе болады. Тіпті екі шыбынды алма кезек қозғалуға болады.

«Артық зейін» жаттығуы

- Қатысушылар екі топқа бөлінеді; «кедергі жасаушылар» және «зейінділер» тобы. «Зейінділерді» жүргізуші зал периметрімен ортаға бетімен қаратып және ерекше белгілер алады (қол таңба, галстук т.б.).
- Әрқайсысына нұсқау беріледі: сіздің міндетіңіз — қандайда бір ішкі жұмысқа шоғырланған және қоршағандарды ескермейтін (жүргізуші бейне көрсетеді, ештеңеге назар аудармайтын адамның кейпінде) актердің рөліне енетін адам болып көрсету керек. Сол рөлде толық еніп, көзің ашық күйде және құлақты жаппай: басқалардың не істеп жатқандарын ескермейді.

- Сіздерге жеңілдету үшін қызық кино немесе өте қауіпті саяхатта жүргендей сезініңіздер. Өз рөліңізде бір ізді болыңыз. Жаттығу аяқталғаннан кейін («тоқта» деген команда берілгеннен) және сізді сұрастырса, басқаларды сендіретіндей, шынында да өз ойыңызға беріліп ештеңені көргенде, естігенде жоқсыз. Түсінікті ме? «Кедергі жасайтындар жаттығу кезінде тапсырма, алады. Дайынсыз ба? Бастадық! Жаттығу 5-15 мин, Созылады. Осы уақыт аралығында жүргізуші «кедергі жасаушылармен бірге бірнеше провокациялық әрекеттер ұйымдастырады. Олар лозунгілер айтады, ұрандар, сценалар ойнайды, анегдоттар айтып, залдан кетуді» немесе жануарларды көрсетеді, «зейінділерден» қайыр сұрайды және т.с.с, Дегенмен жүргізуші «кедергі жасаушылардың» әрекеттері. эффе́ктивті болын кетпеуін қадағалайды. Ол «зейінділерге» тигізбеуге жәнс өте қиын жағдайда өз ролдерінде қалуға көмектеседі. Содан кейін «тоқта» деген команда беріледі, талқылау басталады. Жаттығуды қалыптасқан топта, творчестволық әуестенушілік жағдайында ғана пайдаланады.

Қорытынды

- Логикалық ойлаудың қисындылығы олардың шындыққа сай келуінде. Логикалық ойлауға түскен құбылыстың себептері мен салдары, ұғымдар арасындағы байланыстар мен қатынастар логикалық ойлау жолымен ашылады. Пікір алмасу кезінде, әсіресе математикалық тұжырымдар кезінде пайымдау, ойлау заңдылықтарын немесе былайша айтқанда сол заңдылықтар мен формалары жөніндегі ғылым- логиканың көмегімен бір пікірден екінші пікірді шығарамыз.
- Зейін адамдардың барлық іс — әрекет түріндегі қарым — қатынасының және күнделікті қарым-қатынасының маңызды психологиялық факторы болып табылады. Зейіннің қасиеттері қарым-қатынас пен адамдардың өзара қатынасының қажетті психологиялық компоненті бола отырып, айналадағы адамдармен байланысының тереңдей түсуіне мүмкіндік туғызады.

Әдебиеттер тізімі:

- Леонтьев А.А. Психология общения М.: 2005. с. 46-67, 159-199,
- Бодалев А.А. Личность и общение М.: Педагогика 1983. с. 21-54.
- Возчиков В.А, Общение и коммуникация НИЦ БиГПИ с.18-31.
- Станкин М.И, Психология общения Воронеж: 2000. с. 304-310.
- Андреева Г.М. Социальная психология М.: Аспект Пресс с. 71-84.